

Қарағанды облысының қосымша білім беру ұйымдарына 2021-2022 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балалардың сұраныстарын, отбасының, білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер) қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бабының 9-2 тармағына сәйкес білім беру бағдарламасы оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені ретінде әзірленеді.

Қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары білім алушылардың жеке өзін-өзі айқындауын, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғамдағы өмірге бейімделу, азаматтық өзіндік сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасауды көздейді.

«Білім туралы» Заңның 23-бабының 3-тармағына сәйкес: мемлекеттік білім беру ұйымдары іске асыратын балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің білім беру бағдарламаларын қоспағанда, осы ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын орындайтын органдар бекітеді.

Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары ҚР БҒМ 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №543 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2019 жылғы 04 ақпандағы №56 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).

Қарағанды облысының балаларына арналған көпсалалы қосымша білім беру ұйымдары әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, көркемдік-эстетикалық және сәндік-қолданбалы бағыттар бойынша жұмысты жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді, содан кейін білім беру ұйымының және «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорымен келіседі және қалалық/аудандық білім беру бөлімі деңгейінде бекітеді.

Қосымша 1.

Білім беру бағдарламасын жазу алгоритмі

1. Түсіндірме жазбаға мыналар кіреді:
 - бағдарлама түрі;
 - жаңашылдық, өзектілік, педагогикалық мақсаттылық;
 - осы білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысатын балалардың жасы;
 - білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері;
 - білім беру бағдарламасын іске асыру мерзімдері (білім беру процесінің ұзақтығы, кезеңдері);
 - сабақ формалары, тәртібі;
 - аптасына оқу сағаттарының саны;
 - топтағы, бірлестіктегі оқушылар саны;
 - күтілетін нәтиже.
2. Бағдарламаны іске асыру шарттары
3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
4. Оқу пәнінің мазмұны
5. Оқу жылдары бойынша білім беру бағдарламасын меңгеруден күтілетін нәтижелер
6. Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау
7. Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету
8. Әдебиет

Қосымша 2.

Бағдарламаны ресімдеуге қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасының мәтінін келесі түрде рәсімдеу ұсынылады: бет пішімі - А4; қаріп Times New Roman; қаріп өлшемі – 14; жоларалық интервал – бір; абзацтың 1 жолының азат жолы – 1,25; барлық жиектері – 2 см.; бағдарламаның атауын бас әріптермен жартылай қалың қаріппен рәсімдеңіз (ортаға туралау); бағдарламаның атауынан кейін автордың (Авторлардың) тегі және аты-жөні, лауазымы, жұмыс орнының толық атауы (оң жақ шеті бойынша туралау, қаріп өлшемі-12, курсив).

Білім беру бағдарламасының титулдық парағы

Келісілді

«Теміртау қ.№ 2 Балалар
музыка мектебі» КМҚК
директоры

Т.А.Ө.

«___» _____ 2021 ж.

Бекітемін

«Теміртау қаласының
білім бөлімі» ММ
Әдістемелік бөлімінің
меңгерушісі

Т.А.Ө.

«___» _____ 2021 ж.

**«ӘУЕ-ЗЫМЫРАН МОДЕЛЬДЕУ» үйірмесінің
қосымша білім беретін оқу
БАҒДАРЛАМАСЫ
11 - 15 жастағы білім алушылар үшін
бағдарлам жүзеге асырылатын мерзімі 3 жыл**

Құрастырушы-автор:

*Аты-жөні, лауазымы,
білім беру ұйымы*